

Шымкент қаласының аумағында жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты және әлеуметтік мәні бар тұрақты тасымалдау тарифтерін белгілеу туралы

Шымкент қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 14 қазандағы № 5240 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабының 2, 4, 5-тармақтарына сәйкес Шымкент қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Шымкент қаласының аумағында жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты және әлеуметтік мәні бар тұрақты тасымалдау тарифтері электрондық төлем жүйесі арқылы, оның ішінде ұялы байланыс операторының, банк және көлік карталарының немесе мобильді қосымшаның қызметтері арқылы 70 теңге көлемінде бекітілсін.

2. "Шымкент қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрде жіберуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Шымкент қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шымкент қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласының әкімі

Ғ. Сыздықбеков

"КЕЛІСІЛДІ"

Шымкент қаласы мәслихатының төрағасы

_____ Б. Нарымбетов

" _____ " _____ 2024 жыл